

2024 жылдың ағымдағы нәтижелері (екінші жартыжылдық)

ИРН АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)»

Күнтізбелік жоспардың сипаттамасы бар бөлімі	Іске асыру мерзімдері	Орындалған жұмыс/алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасы	Қолданылу мүмкіндігі туралы ақпарат
Күнтізбелік жоспардың № 1 бөлімі Экспедициялар ұйымдастыру, мұрағат қорларындағы қолжазбалармен жұмыс жасау	1 тамыз - 15 қараша 2024 жыл	Абай облысы аудандарында фольклорлық мұраларды жинақтау мақсатында экспедициялық жұмыстар ұйымдастырылды. Күнтізбелік жоспардың бұл бөлімі бойынша жоба жетекшісі Қ.Т.Тулебаева және жоба орындаушылары Ж.Ж.Аитова, Г.Т.Әбікенова, Ф.А.Гайнуллина, А.А.Касымова, Қ.А.Аубакирова, А.М.Мамырбеков, С.Е.Мубаракова, А.Б.Абдуллинва, А.К.Асылбековалар 15-18 қазан аралығында Аягөз, Мақаншы, Үржар, 23-24 қазанда Бесқарағай, Бородулиха аудандары бойынша экспедициялық жұмыстармен іссапарға барды. Нәтижесінде аудандардың мәдениет бөлімінде, кітапхана қорларында жұмыс жасалды. Аудандар бойынша мәдени ескерткіштерді «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кесенесі, Шыңқожа батыр ескерткіші, «Үржар ханшайымы» ескерткіші, Тарбағатай тауынан табылған балбал тастар, Би-Боранбай кесенесін аралап, көнекөз қариялардан фольклорлық мұралар жиналды. Бұл бөлім бойынша Абай облысының басқа аудандарына экспедициялық жұмыс жалғасын табатын болады. Бұл бөлім бойынша жұмыстар жалғасады.	Кітапхана, мұрағат қорларындағы жиналған ақпараттар «Абай облысының фолькоры» антологиялық жинағында пайдаланылады. Экспедициялық іссапар барысында жинақталған ақпараттар ғылыми мақалаларды жазуда пайдаланылады.
Күнтізбелік жоспардың № 2 бөлімі Жинақталған ғылыми зерттеу жұмыстарына сараптама жүргізу	1 тамыз - 15 қараша 2024 жыл	ҚР Алматы қаласындағы кітапхана және зерттеу орталықтарында қолжазбалар қорымен жұмыс жасалынып, жинақтау жұмыстары жүргізілді. Күнтізбелік жоспардың бұл бөлімі бойынша жоба мүшесі Г.Т.Әбікенова 12-16 қараша аралығында Алмасы қаласындағы Ұлттық кітапхананың Диссертация бөлімінде және сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан жоба тақырыбына қатысты материал	

		қарастырды. Абай облысының ақын-жазушылары шығармашылығын әдебиеттегі жаңа ғылыми парадигмаларға сәйкес зерттеу мақсатында кітапхана қорынан әдебиеттанулық зерттеудің синергетикалық әдісіне қатысты теориялық материалдар қарастырылды. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан Абай және Шәкәрім шығармашылығына қатысты тың зерттеулермен танысты. Нәтижесінде «Шәкәрім поэмаларындағы ұлы тұлғалар бейнесі» тақырыбында мақала әзірленіп, «Шәкәрім оқулары» атты халықаралық ғылыми конференцияға ұсынылды. 15-23 қараша аралағында жоба жетекшісі Қ.Т.Төлебаева, жобаның ғылыми қызметкерлері Ж.Ж.Аитова, Ф.А.Гайнуллина, Г.Б.Кожаметовалар Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы, «Пушкин» үйіндегі фоноархив және фольклортану (сирек қолжазбалар) қорында және Ресей ұлттық кітапхана қорында жұмыс жасалды. Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер ғылыми мақала ретінде ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымға Семей қаласының тарихына және фольклорына байланысты тың деректерді бойынша «Семей қаласының қазақ әдебиетіндегі көрінісі», «Абай және Шәкәрім шығармашылығын синергетикалық әдіс арқылы зерттеу» тақырыбындағы мақалалардың қолжазба нұсқасы әзірленіп, Ш.Уәлиханов университеті Хабаршысына, Ясауи университеті Хабаршысына ұсынылды. Бұл бөлім бойынша жұмыстар аяқталды.	
--	--	---	--